

А.Ж. Аяганова<sup>1</sup>, У.Б. Агбаева<sup>2</sup>, М.Н. Әбдіқалықова<sup>3</sup>, А. Тұрғазы<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының  
Қызылорда облысы бойынша филиалы

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

<sup>3</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы

<sup>4</sup>Психологиялық дамыту орталығы

(Қызылорда, Қазақстан)

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

### Аңдатпа

Қазіргі таңдағы ғылым мен техниканың жетістігі, өзгермелі әлемдегі реформалар және өндірістің әр саласында қызмет тиімділігіне деген қатынастың жаңа сипатқа ие болуы ЖОО-да болашақ кәсіби мамандарды даярлауға талапты күшейтті. Әсіресе педагогикалық бағыттағы мамандарды кәсіби дайындауда құзыреттілік тұрғыда зерттеуге ерекше назар аударылуда.

Тәжірибеде "құзыреттілік" ұғымы ғылыми қолданысқа мықтап енген. Білім беру жүйесінде болып жатқан инновациялық үдерістер қандай да бір жолмен ЖОО-ның практикасына құзыреттілік тәсілді енгізумен байланысты. Сонымен қатар, қазіргі білім беру кеңістігін едәуір байытқан соңғы ғылыми даму "педагогтың кәсіби құзыреттілігі" санаты болды деп айтуға болады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының кәсіби мамандарды даярлау сапасының өлшемі болып табылады. Әсіресе педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігіне қойылатын тұжырымдамалық талаптардың мәні психологиялық қызмет тиімділігін және тұтастай алғанда өмірлік белсенділікті арттыру үшін қажетті білім,білік және дағдыларды кеңейту қажеттілігімен негізделеді. Осы орайда, білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық жағдай болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың алғы шарттарының бірі болып табылады.

**Түйін сөздер:** педагог-психолог, кәсіби құзыреттілік, құзырет, психологиялық-педагогикалық жағдай, әдістемелік деңгей.

Аяганова А.Ж.<sup>1</sup>, Агбаева У.Б.<sup>2</sup>, Абдыкаликова М.Н.<sup>3</sup>, Тұрғазы А.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Филиал академии Государственного управления при Президенте Республики Казахстан  
по Кызылординской области

<sup>2</sup>Кызылординский университет им. Коркыт Ата

<sup>3</sup>Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан

<sup>4</sup>Центр психологического развития

(Кызылорда, Казахстан)

## ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

### Аннотация

Достижения современной науки и техники, реформы в меняющемся мире и новая характеристика отношения к эффективности в различных сферах производства повысили спрос на подготовку будущих специалистов в высшей школе.

Особое внимание уделяется изучению компетентности в профессиональной подготовке кадров педагогических специальностей. На практике понятие «компетентность» прочно вошло в научный обиход. Инновационные процессы, происходящие в системе образования, в определенной степени связаны с внедрением компетентностного подхода в практику вузов.

При этом можно сказать, что последней научной разработкой, существенно обогатившей современное образовательное пространство, стала категория «профессиональная компетентность педагога». Сегодня профессиональная компетентность преподавателей является мерилем качества подготовки в высшей школе.

В частности, сущность концептуальных требований к профессиональной компетентности педагога-психолога исходит из необходимости расширения знаний, навыков и умений, необходимых для повышения эффективности психологической службы и жизнедеятельности в целом. В связи с этим психолого-педагогическая обстановка в общеобразовательных учреждениях является одной из предпосылок развития профессиональных компетенций будущих педагогов и психологов.

**Ключевые слова:** педагог - психолог, профессиональная компетентность, компетентность, психолого- педагогическая ситуация, методический уровень

*A.Zh. Ayaganova<sup>1</sup>, U.B. Agbaeva<sup>2</sup>, M.N. Abdykalikova<sup>3</sup>, A. Turgazy<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup>Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan in Kyzylorda region*

*<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University*

*<sup>3</sup>Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan*

*<sup>4</sup>Center for Psychological Development  
(Kyzylorda, Kazakhstan)*

## **PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL STATE OF DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS**

### *Abstract*

The achievements of modern science and technology, reforms in a changing world and the new nature of attitudes towards efficiency in various areas of production have increased the demand for training future specialists in higher education.

Particular attention is paid to the study of competence in the professional training of pedagogical specialists. In practice, the concept of "competence" has become firmly established in scientific use. Innovative processes taking place in the education system to a certain extent are associated with the introduction of a competency-based approach into the practice of higher educational institutions.

In this regard, we can say that the category "professional competence of a teacher" has become the latest scientific development that has significantly enriched the modern educational space. Today, the professional competence of teachers is a measure of the quality of training in higher educational institutions.

In particular, the significance of the conceptual requirements for the professional competence of a teacher-psychologist comes from the need to expand the knowledge, skills and abilities which are required to improve the effectiveness of the psychological service and life in general. In this regard, the psychological and pedagogical environment in educational institutions is one of the prerequisites for the development of professional competencies of future teachers and psychologists.

**Keywords:** *Teacher-psychologist, professional competence, competence, psychological and pedagogical situation, methodical level*

### **КІРІСПЕ**

Бүгінгі таңда жоо-да болашақ кәсіби мамандарды дайындау түбегейлі бетбұрыстарға ие болып отырғаны белгілі. Жоо-да болашақ мамандарды дайындауда кәсіби стандарттар басшылыққа алынып, білім беру бағдарламаларының негізінде оқыту траекториялары айқындалуда. Осы орайда, болашақ мамандарды дайындауда білім беруді жаңа мазмұнда құрумаңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл білім берудің жаңа мазмұнының әсіресе өзгермелі әлемнің талабы мен сұранысына сәйкес келуі қажет. Сонымен қатар жоо-да кәсіби мамандарды дайындауда білім сапасына назар аудара отырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайды негіздеу қажеттілігі туындайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауындағы сапалы білім беру бағытында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткілік-сіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа», деп көрсетілген. Осы жолдауда жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті екендігі көрсетілген [1]. Сондықтан болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың заманауи психологиялық-педагогикалық тетіктерін айқындау міндеті алға шығады.

Жалпы құзыреттілік тәсіл адамның білімділігін сипаттаудың белгілі бір жүйелік тұжырымдамасы ретінде XX ғасырдың 90-жылдарының соңында және XXI ғасырдың алғашқы жылдарында Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы білім беру жүйелері модельдерінің, оның ішінде Болон процесінің әсерінен қарқынды дами бастады. Егер батыстық білім беру тұжырымдамалық жүйесі үшін құзырет пен құзыреттілік тәсілдері табиғи негізделетін болса, онда білім мен мамандануды сипаттау бағытында басқа да ұғымдар жүйесін қолданатын білім беру дәстүрі үшін құзыреттілік тәсілін қолдану педагогиканың барлық категориялық жүйесін қайта қарау мәселесін көтерді. Сондықтан еліміздегі кәсіби білім беру жүйесінде құзыреттіліктердің бірыңғай шеңберінде болашақ мамандарды даярлауды жаңа бағытта зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Құзыреттілік тұлғаның кәсіби тұрғыдағы сапаларының құрамдас бөлігі, оның белгілі бір әрекеттер тобын немесе қызмет түрінің қандай да міндеттерін орындау қабілетін (мүмкіндігі, бейімділігі, жарамдылығы) анықтайтын қасиеттерінің жиынтығы ретінде пайда болады.

Қазақстандық ғалым С.М. Жақыповтың ғылыми зерттеулерінде оқу үдерісінің психологиялық-педагогикалық модельдеудің қызметтік деңгейінің бірінші сатысында оқытушы мен білім алушының ішкі жүйелік қарым-қатынасы ретінде білімнің мазмұндық жанамалылығы, оқытудың әдіс-тәсілдері көрсетілген [2]. Аталмыш ғалым оқу үдерісі жүйесінің құрылымдық бағдарын анықтай отырып, білімнің объективті және субъективті мазмұндылығын айру қажеттілігі туындайтындығын алға тартады.

Қазақстандық ғалымдар Қ.С. Құдайбергенова [3], Б.Т. Кенжебеков [4], Т.М. Есімғалиева [5] болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту тетіктерін қарастырды.

Кейбір зерттеулерде құзыреттілік-кәсіби қызметті қамтамасыз ететін білімнің, дағдылардың, және икемділіктердің интегративті тұтастығы, адамның өз құзыреттілігін іс жүзінде жүзеге асыру қабілеті ретінде тұжырымдалады [6,7].

Ғалым В.И. Стенькова психологтың кәсіби құзыреттілігін қарастыра отырып, арнайы (әдістеме-лер мен техниканы меңгеру), жеке (тұрақты кәсіби өсу, өзін-өзі тану қабілеті), коммуникативті (білім беру үдерісінің субъектісімен қарым-қатынас орната білу) және рефлексивті (өзінің кәсіби сипатта-малары туралы теңгерімді түсінік, өзінің кәсіби қызметін реттей білу) құзыреттіліктерді бөледі [8].

Кәсіби құзыретті маманның жетілуінің әртүрлі аспектілерімен байланыстыра отырып, А.К. Маркова оның төрт түрін анықтайды [9]:

- арнайы;
- әлеуметтік;
- тұлғалық;
- жеке кәсіби.

1. Арнайы немесе белсенді кәсіби құзыреттілік қызметтің жоғары деңгейінде болуын сипаттайды және арнайы білімнің болуын ғана емес, сонымен қатар оларды іс жүзінде қолдану мүмкіндігін де қамтиды.

2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік бірлескен іс-әрекет пен ынтымақтастық тәсілдерін, қызметтік қоғамдастықта қабылданған қарым-қатынас әдістерін меңгеруді сипаттайды.

3. Тұлғалық кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету мен дамыту әдістерін, қызметтегі деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгеруді сипаттайды. Бұған маманның кәсіби қызметін жоспарлау, өз бетінше шешім қабылдау, мәселені көру қабілеті де кіреді.

4. Жеке кәсіби құзыреттілік өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеруді, қызметте өсуге дайындықты, тұрақты мотивтің болуын сипаттайды.

Ғалым В.А. Исаев кәсіби құзыреттілік пәндік-мазмұндық деңгейдегі "оқыту" есебінен ғана емес, әдістемелік және педагогикалық тәсілдер тарапынан жүзеге асырылады деген тұжырымды ұсынады [10]. Аталмыш ғалым бұл үшін төмендегідей белгілі бір психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау қажеттілігі қарастырылуы керектігін атап өтті:

1. Оқытушының рөлінің өзгеруі: білім мен іс-әрекеттің трансляциясынан бастап әр оқушының жеке тұлғалық дамуын жобалауға дейін.

2. Іс-әрекет, тәжірибе алмасу және оны зерделеу, мәселелерді қою және шығармашылық шешу арқылы оқу қызметін ынталандырудың инновациялық әдістерін енгізу.

3. Студенттердің жеке бейімділігіне байланысты олардың кәсіби құзыреттілігінің барлық құрамдастарын қалыптастыруға ықпал ететін оқыту әдістерін қолдану. Қолданылатын негізгі әдістер: позитивті қателіктер әдісі, шығармашылық-мәселелік, ойын әдістері, рөлдік модельдерді зерттеу, әлеуметтік өзара әрекеттесу, идеяларды ұсыну, жоба әдісі.

4. Студенттерді кәсіби және өмірлік жағдайлардың шексіз сан алуан сипаттарына бағыттау, білім беру мақсаттарының еңбек нарығында қолданылатын жағдайлармен берік байланысын камтамасыз ету.

5. Студенттердің алған тәжірибесінің ерекшеліктеріне - құзыреттер жиынтығына теңестірілетін және дамудың жеке ерекшеліктерін ескеретін балама бағалау рәсімдерін қолдану.

Құзыреттер мен құзыреттіліктер айырмашылығы неде? Құзыреттер-бұл белгілі бір адамның жүзеге асыра алатын деңгейін немесе дәрежесін суреттейтін сипаттамалардың (білім мен оны қолдануға, позицияларға, дағдылар мен жауапкершіліктерге қатысты) жиынтығы. Құзыреттілік тек құзыреттер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір қызмет түрлерінде өзектендірілген жиынтық болып табылады.

Зерттеу жұмысымызда болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың психологиялық-педагогикалық жағдайын негіздеу мақсатында сауалнамалар арқылы мамандыққа қатынасын, не үшін таңдағанын, жоо-ға түсуге қалай дайындалғанын, балаларға қатынасын және кәсіби маман болып шығу үшін не қажет деген сұрақтарға көзқарастарын анықтап алуды жөн санадық. Сауалнама жауаптары талданып, пайыздық көрсеткіштермен негізделді. Сауалнама қорытындыларына негізделе отырып, «Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында семинар-тренинг жоспары айқындалып, студенттер арасында жүргізілді. Біздің жұмысымыз студенттердің кәсіби құзыреттілік туралы көзқарастарын қалыптастырып, оны дамытудың психологиялық-педагогикалық жағдайын айқындай түсуге мүмкіндік берді.

#### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАУ**


Ғалым Н.В. Кузьмина педагогтың кәсіби құзыреттілік құрылымына оның төмендегідей түрін көрсетті [11]:

- арнайы (оқытылатын пән саласында);
- әдістемелік (білім алушылардың ББД қалыптастыру тәсілдері саласында);
- психологиялық-педагогикалық (білім алушылардың мотивтері, қабілеттері, бағыттары саласында);
- аутопсихологиялық (педагогикалық қызмет рефлексиясы)

Аталмыш ғалымның тұжырымын негізге алып, "Педагогика -психология мамандығына кіріспе" пәні аясында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін әдістемелік деңгейде дамыту үшін тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Бұл мақсатта сауалнама алынды. Сауалнама мынадай сұрақтардан тұрады:

- 1) Мен неге педагог-психолог мамандығын таңдадым?
- 2) Педагогикалық мамандыққа қалай дайындалдым?
- 3) Мен бүгін балаларға не бере аламын?
- 4) Жоо-да оқу үдерісінде кәсіби дайын болу үшін неге қол жеткізіуім қажет?

Сауалнама қатысқан 20 студенттің бірінші сұраққа «Ата-анамның кеңесін тыңдадым» деген жауапты 5 (25%) студент; «Мамандықтың заман талабына сай екендігін түсіндім» деп 4 (20%) студент; «Педагог-психолог мамандығы ұнайды» жауабын 5 (25%); «Жоо-да оқу керек болды, кездейсоқ таңдадым» деген жауапты 6 (30%) студент берді. Сауалнама жауаптарынан байқап отыр-ғандай сыналушылардың басым көпшілігі (10 студент) ата-анасы мен кездейсоқ келген студенттер болғандықтан олардың мамандыққа деген қызығушылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындайды.




Сурет 1– Мен неге педагог-психолог мамандығын таңдадым?

Сауалнаманың екінші «Педагогикалық мамандыққа қалай дайындалдым?» сұрағына сыналушы-лардың 4 (20%) студент «Педагогикалық мамандықты қалағаннан кейін, өз мінез-құлығымды мұғалімдерге еліктеп өзгертуге тырыстым»; 10 (50%) студент «Тест тапсыратын пәндерге дайын-далдым»; 6 (30 %) студент «Белгілі бір дайындық туралы ойламаппын» деп жауап берді. Бұл сұрақта студенттердің педагогикалық мамандыққа деген қатынасын анықтау мүмкіндігін көреміз. Студент-тердің педагогикалық мамандықтың жауапкершілігінің жоғары екендігін сезіндіру бағытын айқындау маңызды.



Сурет 2– Педагогикалық мамандыққа қалай дайындалдым?

Үшінші «Мен бүгін балаларға не бере аламын?» деген сұраққа сыналушылардың басым көпшілігі, яғни 3-і (15%) «Қолдау көрсете аламын»; 11-і (55%) «Жақын қарым-қатынас орната аламын»; 6-ы (30%) «әзірге балаларға не беретінімді білмеймін» деп жауап берді. Студенттерге өзіндік рефлексия жасату арқылы қазіргі өз деңгейін бағалауға мүмкіндік беру арқылы өзіндік талдау жасау, қазір не бар деген сұрақ төңірегінде ойландыруға мүмкіндік болады.



Сурет 3– Мен бүгін балаларға не бере аламын?

Төртінші сұрақ «Жоо-да оқу үдерісінде кәсіби дайын болу үшін неге қол жеткізуім қажет?» деген сұраққа 7 (35%) студент «Теориямен практиканы ұштастыру керекпін»; 8 (40%) студент «Тәжірибелік дағдыларды игеру керекпін» деп; 2-еуі (10%) «Бойымдағы қасиеттерін өзгерту керек»; 2-еуі (10%) «Мен ол туралы ойланған жоқпын» деп жауап берді. Студенттердің кәсіби білім алу барысында өзіне не қажет, қандай бағытта мамандануға болатындығын анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 4– Жоо-да оқу үдерісінде кәсіби дайын болу үшін неге қол жеткізуім қажет?

Сауалнама алғаннан кейін студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында семинар - тренинг ұйымдастырылды.

Кесте 1 – "Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбындағы семинар - тренинг

№	Тақырыбы	Сағ.	Мазмұны	Қолданылған әдістер
1	"Есім аббревиатура ретінде"	1	Қатысушылар парақшаға өз есімдерінің осы топта қарым-қатынас үшін ең қолайлы деп санайтын нұсқасын жазып, содан кейін оны өзіне тән сипаттамаларды атай отырып, аббревиатура ретінде қабылдап, атайды.	Тренинг
	"Сұхбат".		Қатысушылар параққа алты сұрақ жазып алады. Сұхбатқа дайындық аяқталғаннан кейін әрбір қатысушы тренингтің басқа алты қатысушысына өз сұрақтарын қояды - әрқайсысына бір сұрақ бойынша. Бұл жағдайда кімге сұрақ қойылғанын және қандай жауап берілгенін есте сақтау маңызды (сіз параққа жаза аласыз). Сұхбат соңында топ алынған жауаптарға сүйене отырып, әр қатысушының портретін қайта жасай бастайды. Белгілі бір қатысушымен сұхбаттасқан әр адам алынған ақпаратты жария етеді. Осылайша, әр қатысушының портреті жасалады, ол танысуды тереңдетеді, психологиялық қауіпсіздік атмосферасын құруға ықпал етеді.	
2	"Жеке Елтаңба және ұран".	1	Қатысушыларға "Елтаңба және ұран" бланкілері таратылады. Елтаңба жолдарын әрбір жолдың мәнін барынша дәл білдіретін тиісті символдармен толтыру ұсынылады: Бірінші алаң - "Мен педагог ретінде"; Екінші алаң - "Менің оқушыларым"; Үшінші алаң - "Мен оқушыларымның көзімен"; Төртінші алаң - "Менің кәсіби арманым". Елтаңба өрістерін "қолайлы" түстермен бояуға болады. Жеке кәсіби ұран болатын сөйлем жазу ұсынылады. Бұл қатысушылардың өздері ойлап тапқан белгілі сөз немесе накыл болуы мүмкін.	Тренинг
3	Психогимнастикалық жаттығу	1	Барлық қатысушылар шеңберде отырады. "Сандар айтылады. Сандар аталғаннан кейін бірден қанша сан естілсе, сонша адам тұруы керек (айтылған саннан артық емес және кем емес). Мысалы, егер "төрт" десе, онда төртадам орнынан тұруы керек. Олар тренер "рақмет" айтқаннан кейін ғана отыра алады. Тапсырманы үнсіз орындау керек. Тапсырманы орындау тактикасы бір-бірінің әрекеттеріне назар аудара отырып, жұмыс барысында жасалуы қажет". Тренер бірнеше рет топқа әртүрлі сандарды атайды. Алдымен 5-7, ал ортасында 1-2 деп атаған дұрыс. Талқылау кезінде жаттықтырушы	Тренинг

			бірнеше сұрақтар қоюы мүмкін: "Бізге тапсырманы орындауға не көмектесті және оны орындауды не қиындатты?", "Сіз орныңыздан тұру туралы шешім қабылдаған кезде не ойладыңыз?", "Сізде қандай тактика болды?". Талқылау топ мүшелеріне ортақ тапсырманы орындау үшін басқа адамдардың ниеттерін, тактикасын, жағдайын жылдам шарлау, өз іс-әрекеттерін басқа адамдардың іс-әрекеттерімен үйлестіру қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді.	
4	"Мен таңдаған мамандық"	1	Мамандықтар әлемі: Мен және кәсіп	Ойға шабуыл, эссе жазу
5	Педагог-психолог мамандығына заманауи көзқарас	1	Педагог-психолог: - ғалым; - оқытушы; - әдіскер; - тәлімгер	Топтық жұмыс
6	Педагог-психолог кәсіби іс-әрекет бағыттары	1	- психодиагностика; - психологиялық кеңес беру; - психологиялық алдын алу; - психологиялық түзету-дамыту.	SWOT -талдау

Заманауи маман табысты қызмет етуі үшін қажетті кәсіби қасиеттер мен сапаларды құзыреттіліктер шеңберінде қалыптастыру бағытына ерекше назар аударылуда [12].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Біз қарастырған психологиялық-педагогикалық жағдайлар болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін сәтті қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақ педагог-психолог-тардың мамандығына деген қатынасын әдістемелік деңгейде анықтау және арнайы ұйымдастырылған оқу бағдарламалары кәсіби білімді игеруден оларды иеленуге, кәсіби міндеттер мен кәсіби функцияларды тәуелсіз жүзеге асыруға дәйекті көшуді қамтамасыз етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қасым-Жомарт Тоқаев "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. -Астана, 2021 жылғы 01 қыркүйек.
2. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - 2 изд. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 308 с.
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. - Алматы, 2008.- 327 б.
4. Кенжебеков Б.Т. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе высшей школы: дис... док.пед. наук: 13.00.01.- 2005.-405 с.
5. Есимғалиева Т.М. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. -Алматы, 2019.- №1 (61). -208-212 б.
6. Решетова Й.С., Красикова Е.Н. Психолого-педагогические условия формирования профессиональной компетентности- Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова, 2014.- Том 20.18-22 с.
7. Зеер Е.Ф. Модернизация профессионального образования: компетентностный подход. - М., 2004.- 215 с.
8. Стенкова В.И. Педагогическая практика как фактор развития профессиональной компетентности будущих психологов, преподавателей психологии: дис... канд.пед.наук: 13.00.01.-2007- 214 с.
9. Маркова А.К. Психологические критерий и ступени профессионализма учителя. -М.: Педагогика, 1995.- №6.- 55-63 с.
10. Исаева В.А. Образование взрослых: компетентностный подход.- СПб.: Питер, 2005.- 91 с.
11. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателей мастера производственного обучения.- М., 1990.-165 с.

12. Гани А.М., Аязанова А.Ж. Болашақ педагог-психологтардың коммуникативтік қүзыреттіліктері. Молодой ученый, 2018.- №50.1 (236.1). - 3-5 с.

### **References**

1. Qasym-Jomart Toqaev "Halyq birligi jáne júeli reformalar – el órkendeýiniń berik negizi» atty Qazaqstan halqyna Joldaýy. -Astana, 2021 jylǵy 01 qyrkúnek.
2. Djakýpov S.M. Psihologicheskaiia strýktýra prosesa obýchenia. - 2 izd. – Almaty: Kazak ýniversiteti, 2009. – 308 s.
3. Qudaibergenova K.S. Quzyrlylyq bilim sapasynyń kriteriui: ádisnamasy jáne ǵylymi-teorialyq negizi. – Almaty, 2008. – 327 b.
4. Kenjebekov B.T. Formirovanie professionalnoi kompetentnosti býdýshih spesialistov v sisteme v yssheshkoly: dis... dok.ped. naýk: 13.00.01., 2005. – 405 s.
5. Esimgalieva T.M. Bolashaq pedagog-psihologtardyń kásibi quziretiligin kóptildi bilim berý jaǵdaynda qalyptastyry. Abai atyndaǵy Qazaq Ulttyq pedagogikalyq ýniversitetiniń Habarshysy «Pedagogikaǵylymdary» seriasy. – Almaty, 20019. – №1 (61). – 208-212 b.
6. Reshetova I.S., Krasikova E.N. Psihologo-pedagogicheskie ýslovia formirovaniia professionalnoi kompetentnosti- Vestnik KGÝ im. N.A. Nekrasova, 2014. - Tom 20. – 18-22 s.
7. Zeer E.F. Modernizatsia professionalnogo obrazovaniia: kompetentnostnyi podhod. – M., 2004. – 215 s.
8. Stenkova V.I. Pedagogicheskaiia praktika kak faktor razvitiia professionalnoi kompetentnosti býdýshih psihologov, prepodavateleipsihologi: dis.kand. ped. naýk: 13.00.01., 2007. – 214 s.
9. Markova A.K. Psihologicheskie kriteriui stýpeni professionalizma ýchitelá. – M.:Pedagogika – 1995. - № 6. – 55-63 s.
10. Isaev V.A. Obrazovanie vzroslyh: kompetentnostnyi podhod. - SPb.:Piter, 2005.-91 s.
11. Kýzmina N.V. Professionalizm lichnosti prepodavatelái mastera proizvodstvennogo obýchenia. – M., 1990
12. Gani A.M., Aiazanova A.J. Bolashaqpedagog-psihologtardyń kommýnikativti kquziretilikteri. Molodoi ýchenyi, 2018. – № 50.1 (236.1). – 3-5s.